

Жәнібек аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы №20-1 " Жәнібек ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 қазандағы № 36-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 қазанда № 5837 болып тіркелді. Күші жойылды -Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2020 жылғы 4 наурыздағы № 40-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 04.03.2020 № 40-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 "Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы" және 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулыларына сәйкес Жәнібек аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жәнібек аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы №20-1 "Жәнібек ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3414 тіркелген, 2014 жылғы 24 қаңтардағы " Шұғыла" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жәнібек ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасында:

8 – тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) белсенді туберкулезбен ауратындарға аурулығын дәлелдейтін анықтама негізінде 5 АЕК мөлшерінде.";

9 – тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 1, 2, 3, 4 сатыдағы қатерлі ісікпен ауыратындарға, белсенді емес туберкулезбен ауыратындарға аурулығын дәлелдейтін анықтама негізінде табыстарын есепке алмай 15 АЕК мөлшерінде;"

9 – тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) өтініш жасаған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Батыс Қазақстан облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызнан табыстары бар отбасыларға, емделуге және тұрмыстық қажеттіліктеріне 7 АЕК мөлшерінде;"

10 – тармақтың 3) – тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысының болуы.";

3-қосымшасында:

реттік нөмірі 2-жолдағы 4) тармақшадағы "30 000" деген сандар "50 000" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 4-жолдағы 1) тармақшадағы "20 000" деген сандар "50 000" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Жәнібек аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Н.Уәлиева) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту: аббревиатураның шешуі:

ЕК – айлық есептік көрсеткіш.